

Р. СЫЗДЫКОВА

АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВ

РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА

АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВ

Алматы — 1990

Рәбига Сыздықова — Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы.

Сыздықова Р.

С 94 Ахмет Байтұрсынов — Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990.-52 бет.

Бұл кітапшада XX ғасырдың бас кезінде қазақ тілінің тұңғыш оқулықтарын жазып, графикасын реттеуші, сол арқылы қазақтың үлттық тіл белгінің іргетасын қалаушы ағартушы-ғалым, ірі мәдениет және қоғам кайраткері, тамаша публицист әрі акын Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны мен қызмет жолы, білім-ғылымдағы еңбегі мен азаматтық бейнесі сез болады. Мұнда А. Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық мұрасы мен әлеуметтік қызметі жөніндегі бірсыныра материалдар және оларды талдап-таныту тұңғыш рет ұсынылған отыр.

С 4603020100—001
405 (05)—90 031—90

ББК 83.3(2К)

ISBN 5-8385-0040-9

© Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

60 жыл бойы, 1929 жылдан бастап, «халық жауы» деген айдар тағылып, арамыздан аластатылып, кейінгі үрпакқа атын атасаң, басың кететін құбыжық етіп та-нытылып келген, сталинизм режимінің құрбаны болған, ал кезінде қазактың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым, еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов барлық жағынан әқталып, есімі туған халқына қайтарылып отыр. Керуен тонап, кісі өлтірмеген, банды үйымдастырып, басмашы болмаған, қолына қару алып, ешкімге ок атпаған, жаңа советтік курылыш пен коммунистік идеологияға қарсы қастандық әрекеттер жасамаған А. Байтұрсыновты Қазақ ССР-інің Жоғарғы Соты 1988 жылдың 4 ноябрінде ешбір қылмысы жоқтығын анықтап, оны толық ақтау жөнінде шешім қабылдады.

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеттің Бюросы 1988 жылдың 28 декабрінде А. Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың және Ж. Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтері жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру қажет дегенді үйіарды. Сонымен қатар бұлардың өмірі мен творчестволық қызметі жөнінде зерттеулер жүргізіп, мақалалар жариялау, насыхаттау, әдеби-ғылыми мұраларын басып шығару тапсырылды. Осы міндетті атқару мақсатымен бұл кітапшада Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қызметін сөз етеміз.

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 28 (15) январьда Торғай уезіне қарасты Тосян болысының 5-аулында, Сарытубек деген жерде дүниеге келген (кейбір мақалаларда А. Байтұрсыновтың туған жылы бірде 1870, бірде 1872 жыл деп көрсетіледі). Өзінің көзі тірісінде жарияланған өмірбаяндық очеркте туған жылы 1873 деп берілген және ғалымның 50 жылдық юбилейінің 1923 жылы аталуына қарағанда, А. Байтұрсыновтың туған жылы 1873 деген дұрыс болар. Рас, 1929 жылы өз қолымен толтырған анкетада туған жылын «1872 жыл, мешін жылы» деп көрсетеді. Қазақша жыл қайыру бойынша мешін жылы 1873 жылдың марта на дейін келетінін есептесек, 1873 жылдың январы деп көрсету қате болмас).

Ахметтің әкесі қарапайым шаруа адамы Байтұрсын Шошаков — арғын Үмбетей батырдың немересі. Шошактың төрт ұлы болған: Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Данніяр. Олар жаратылысынан қажырлы, намысқор, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «ірі мінезді адамдар» болғанға ұқсайды. Сондыктан болар, Байтұрсын жергілікті әкімдермен көп сыйыса бермей, оларға тынышсыздау болады. Тіпті ауылдағы түгіл, уезд басындағы ел билеушілердің зорлық-зомбылығына көнбейтіндігін көрсетеді. Сол үшін ел адамдары «кәрі ояз» деп атап кеткен полковник Яковлев 1885 жылдың күз күндерінің бірінде (12 октябрьде) Жыңғылдының бойында отырған Шошак аулына келіп, ағайынды Ақтас пен Байтұрсынды ұстамақ болады, сол сәтте ауылда болмай шыққан Ақтасты тауып бермедіндер деп елге ойран салады, әйел-балага дейін сабап, бастарына қамшы үйіреді. Ояз берен онын отрядының бүл бассыздығына шыдай алмаған Байтұрсын Яковлевтің өзін атынан аударып алышп, басын жарады, отрядымен ауылдан қызып шығады. Эрине, «жабайы киргиздің» бүл қызығы жауапсыз қалмайды: көп ұзамай бүл ауылға енді Ыргыз бер Торғайдан шакырылған жазалаушы отряд келіп, ауылды өртеп, мал-мұлкін талап, бала-шаганы шулатып, еркектерді үрып-соғып, ағайынды Ақтас, Байтұрсын, Ерғазыларды бірнеше ауыл адамдарымен қоса ұстап алышп кетеді. Оларды Торғайдың әскери гаупвахтасына экеліп жабады. Тұтқындарды Қазаннан келген Округтік әскери сот соттайды. Ақтас пен Байтұрсынды және бірнеше туыс-

тарын 15 жылға «итжеккенге» — Сібірге каторгіге кеседі. Шошактың үшінші ұлы Ерғазы төрт айға түтқында отыру жазасын алады. Бұл — 1886 жыл болатын, ол кезде бала Ахмет 13 жасар еді...

Осыдан 23 жыл кейін өзі де ер жетіп, патша режиміне қарсы пікірлер білдіргені үшін, 1909 жылы Семей түрмесінде қамауда отырғанда, анасына жазған хатында былай дейді:

Карагым, айпалайын қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтай
Көрүгे жазғай еді хан тағалам.
Бара алмай өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балан.
Мал үрлап, кісі өлтірген жазығым жок,
Үкімет қылған зорлыққа бар ма шараң?
Оқ тиіп, он үшімде ой түсірген
Бітпейтін жүргегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма оны ұмытсан,
Болғандай жегенімің бәрі харам...

Бұл — өлеңмен жазылған хаттың бас жағынан алған үзінді ғана. Осы үзіндіден отаршылдық пен әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа қарсы әкесі бастаған жолды өзінің де қалап алғанын танытады.

Актас пен Байтұрсынның балаларын Шошактың үшінші ұлы, айдаудан аман қалған Ерғазы қамқорлығына алады: Ақтастың ұлы Аспандияр мен Байтұрсынның ұлы Ахметті Торғайдағы екі синифтық (кластық) орыс-қазақ училищесіне беріп оқытады. Оған дейін Ахмет ауылдағы мұсылманса сауатты адамдардан үйреніп, хат таниды. Өзінің 1929 жылы жазған өмірбаянында: «1882—1884 жылдары бірде үйде, ауыл адамдарынан, бірде жақын маңайдағы ауыл мектебінен оқып, сауатымды аштым» деп жазады. Училищені бес жыл оқып, 1886 жылы түсіп, 1891 жылы бітіреді. Оның училищеге түсіп оқуын Байтұрсыновтың өмірін жазушылар «корайы келген сәтті іс болды» деп санайды, ал бұл сәттілікке, орыстың мақалымен айтқанда, «сәтсіздік» себепкер болады. Оның мәнісі мынау: ол кезде қазақ балаларын шетке (қалаға) шығарып оқыта бермейтін, ал кедей-кепшіктер болса балаларын оқуға түсіре де алмайтын. Осындағы бір кезде Ерғазы екі інісін де өзге оқу емес, тек орысша оқуға беруді мақсат етеді. Оған себепкер өзінің сот алдында орысша тіл білмегеннең көрген

зәбірі, ойын, жауабын айтып жеткізе алмаған өкініш еді. Демек, Ахметтердің орысша оқыған «бақытына» себепкер Байтұрсын, Ақтас, Ерғазылардың «бақытсыздығы», яғни үкімет (орыс) сотының алдына жазықты ретінде жауапқа тартылуы болып шығады.

Ахмет училищені бітірген кезде экесі мен ағасы айдауда (олар елге 17 жылдан кейін оралады), қамқоршы ағасы қайтыс болған еді, сондыктан Ахмет кедейшілік, жоқшылық тауқыметін көп көреді. Мұны біз өзінің жаң шерін шерткен «Тұысым» деген өлеңінен білеміз (бұл өлеңде ақын «туысым» деп туған-туысқандарын емес, өзінің туылуын, дүннеге келуін айтады деп ұғамыз):

Болармын неғып риза туысма,
Тұынның таршылықтың уысында.
Шамам жок жан-жагыма кол созарлық,
Тар көрдің тығылғандай күсынан.
Айта алмай, шын сөзінді қоргалайсың,
Тұғаның бүйтіп көрген құрысын да.
Бар пайдаң өз басынан артылмаса,
Мал құрлы мағына жок тұрысында.

Бұл жолдарда Ахмет тек басынан кешірген жоқшылықты айтып, «жылап» шағынбайды, керісінше, сол жоқшылықты жеңіп, өз басына ғана емес, өзгелерге де пайда келтірелік жағдайға жетуді мақсат етіп қояды. Сол мақсатпен ол жаяу-жалпылап, оқу іздең, Орынбор барады. Онда баяғыда Ыбырай Алтынсарин салдырған мұғалімдер даярлайтын мектепке — «Учительская школа» дегенге түседі. Мұнда төрт жыл оқып, 1895 жылы бітіреді. Он шақты жыл орысша оқып, едәуір білім алған ол енді өзі қалаған пайдалы жұмысқа тұра алатын мүмкіндікке ие болып шығады. Ал бірақ өзі бала оқытуды, ағартушылық жолына қызмет етуді қалайды.

А. Байтұрсыновтың еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен әлеуметтік мәні болды. Откен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім⁴ Петербург, Омбы, Қазан, Уфа, Троицк, Орынбор т. б. қалаларда мұсылманша, көбінесе орысша білім алған қазақ азаматтары шыға бастады. Олар дәүлетті де, шағын шаруалы да, кедей де ортадан шыққандар болғанмен, едәуір білім алғандарының көбі әкімшілік-сот орындарына орналасып, бас пайдасын, өз мұддесін көздейтін болды. Кезінде ұлы Абайдың да «баламды медресеге

біл деп бердім, шен алсын, қызмет қылсын деп бермедім» деуі де немесе «ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой. Я тілмаш, я адвокат болсам деген бәрінде ой» деп зарлауы да осындай жай-жагдайды коріп айтқаны болатын.¹ Қысқасы, А. Байтұрсыновтың өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жүрттың қамын ойлайтын адам аз» бол тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегей өзі еді. Ағартушылық — сол кезеңдегі қазақ кауымының тіршілігінде ең қажет, ең иғлікті іс болатын. А. Байтұрсынов осыны жақсы білді, дұрыс таныды.

Ол 1895—1909 жылдарда Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде бала оқытады, екі кластық училищелерде сабак береді. Мұхтар Әуезовтің жазуына қарағанда, ол алғашкы кезде Ақтөбе уезі Батпақты болысындағы Ахметкерей Қойшыбақовтардың ауылндығы ауылнай школға барып оқытушы болған. Мұнда біраз уақыт болған соң, Қостанай уезінде Әулиекөл деген жерде болыстық школда оқытушы болған, Әулиекөлден ауысып барған школы — Қостанай қаласының уездік екі синифтық орыс-қазақ школы.⁴ Бұл жылдардың ішінде оның Омбыға барған сапары жайында да мәлімет бар. А. Байтұрсынов Қостанайдан Омбыға барып, белгілі библиограф және этнограф, қазақ халқының тарихын, экономикасын, фольклорын, тілін зерттеуші А. Е. Алектровпен танысады. М. Әуезовтің жазғанына қарағанда, оның бұл танысуы қазақ халқына оқу-білім беру жөніндегі миссионерлердің ниет-піғылдарын жақын білгізеді, өзінің бұл мәселеңдегі көзқарасы мен мақсатын айқындаі түседі.

Көп ұзамай А. Байтұрсынов Омбыдан Қарқаралыға келіп, әуелі екі кластық орыс-қазақ мектебінде, кейін училищеде сабак береді.

Қарқаралыда қызмет еткен жылдарында А. Байтұрсынов саясат ісіне белсене кіріседі, атап айтқанда мұнда ол патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы революциялық қозғалысқа араласады, қазақтың елдігін сөйлей бастайды. Осындаі әрекеттің бірі — 1905 жылы бір топ қазақ оқығандары болып, патша үкіметінің жо-

¹ Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы, «Ақжол» газеті, 1923 жыл, 4 февраль, 270-саны.

ғарғы басқару орнына петиция жолдайды. Онда қазак халқына әлеуметтік тәндік берілуін, жер белсінде тұрғылықты халықтың мүддесі көзделуін, қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін талап етеді.

Самодержавиеге қарсы пікірлер білдіріп, іс-әрекесттер жүргізіп отыр деген айыппен ұсталып, 1907 жылы Қарқаралы түрмесінде біраз отырып шығады. 1909 жылы 1 июльде А. Байтұрсыновты Семей губернаторы Тройницкийдің жарлығымен тағы да тұтқынға алғып, әуелі Қарқаралы түрмесіне, кейін Семей түрмесіне қамайды. Губернатордың бұл жарлығына негіз болған — жергілікті тыңшылардың (Тәттімбет Шыңғысовтың) оның үстінен көрсеткен доносы (арызы). Бұл доноста А. Байтұрсынов мендеріп отырған училищеде қазақ балалары бір өзбек (сарт) баласын сабады, училищеде бірде-бір орыс баласы жок (өйткені үлтшыл А. Байтұрсынов оларды кіргізбей отыр) деген сияқтылар жазылады. Сондай-ақ доноста А. Байтұрсынов Мемлекеттік Бірінші думаның мүшесі Әлихан Бекейхановпен және басқа қазақ оқығандарымен табысып, бірлесіп үкіметке қарсы іс-әрекет жүргізіп жур деген де айтылады.

А. Байтұрсынов жайында ізденіп, материалдар жариялаушылардың жазғанына қарағанда, 1909 жылы «Оренбургский край» атты газетте белгілі революционер Мақсұт Бекметов «Қазақ ақыны» атты мақала жарияладап, онда А. Байтұрсыновтың қофамдық, әғартушылық қызметтеріне кеңінен тоқталып, оған тағылған бұл айыптардың мүлде негіzsіз екенін дәлелдейді де, заң орындарының оны қорғап шығуын талап етеді¹. Сотқа тартылатын қылмысы жок екенін, жел айдаған қаңбақтай патша үкіметі зорлығының құрбаны болып отырғанын түрмеден анасына жазған сәлем хатында өзі де айтады:

Мал үрлап, кісі өлтірген жазғым жок,
Өкімет өр зорлыққа не дүр шаран...
Қаламда лахул махбуз үмыткан ба,
Жазбалты бұл орынды көрмесіме.
Қаңбақпен салмағын тең бұл бір заман,
Лаж жок жел айдаса ермесінде.

¹ Байғалиев Б. Қайта табысқан тағдырлар, «Жетісу» газеті, 1989 жыл, 13 январь.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар
 Тағдырың кез болып түр кермесіне,
 Солардан жапынам-төнім ардакты емес,
 Орынсыз күйзелейін мен несіне...¹!

Сол отырғанинан Семей тұрмесінде сегіз ай бойы ешбір жауапсыз, тексерусіз отырады. Үкімет бұл айыптардың жала екенін еріксіз мойында, оны ашық соттай алмайды да 1910 жылдың 21 февралінде екі жылға туған жері топырағынан кетуге үйғарады, яғни административтік түрде жер аударады. Сол кезенде Қазақ өлкесіне кірмейтін Орынборға 1910 жылдың 9 мартаңда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрады.

Әрине, Орынборда А. Байтұрсынов тағы қарап отырмайды. Тұған халқына қызмет ету, отаршылдық саясатына қарсы куресу, оку-білім тарату жолында нактылы жұмыстар істеу сияқты өзінің алдына қойған мақсатымен қазақ қоғамының рухани-мәдени даму тарихында елеулі орын алған істерге кіріседі.

Уфадағы «Фалия» медресесінде оқып жүрген казақ жастарының, М. Әуезовтің сөзімен айтқанда, «қазақтың ерте оянған тобының» инициативасымен елден қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару үйірылады. Газеттің редакторлығына А. Байтұрсыновты қалайды. Сөйтіп, ол 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін осы органның редакторы болып қыруар енбек етеді.

«Қазақ» газеті бес жылдай (1913—1918) уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін едәуір көп тиражben (8000 дана) шығып тұрған. Бұл газет ең алдымен қазақ халқының ұлт-азаттығы және мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен. Сонымен катар қазақ қоғамы мұдделерін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға әлеуметтік үн бере білгей орган болды. Тұңғыш жарияланған нөмірінде өзінің көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыты жөнінде былай деп жазды: «Бұл газетаның мақсаты — жүрт пайдасына көз болу; қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету; басқа жүрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттарды орнына келтіру үшін закүндерді, хакімдердің бүйрек-жарлықтарын білдіріп түру. Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі

¹ К. Мұхаметханов варианты, «Семей таңы» газеті, 1989 ж. 6 январь.

һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазактың бұрын-ғы және бүгінгі жайын жазу; күнелту, сауда, кәсіп, жерсу, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету; адам һәм мал дәрігерлігі жайынан жазу»¹.

Бұл газет әсіресе тіл мәселесін бірінші орынға қойды. Қазақ тілін сақтап, әрі қарай дамыту керектігін, ол ушін қазақ балалары сауаттарын ана тілінде ашып, ана тілінде оқулары қажеттігін жазды. Сонымен қатар қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, көркем әдебиетін дамыту жөнінде де көптеген хабарлар жазып, қалың оқырман қауымның назарын тіл мен әдебиетке аударды. Оның бұл иғлікті ісін татар туысқандардың да байқап, өз баспасөзінде білдіргені туралы кезінде айтылып отырды.

Патша үкіметінің Россия империясы қол астындағы халықтарға қатысты саясатына, әкімшілік тәртілтеріне қарсы пікір айтып, шындықты көрсеткені үшн жергілікті үкімет орындары тарарапынан газетке бірнеше рет штраф салынады, редакторы А. Байтұрсынов түрмеге отырғызылады. Әрине, бұл орган өзінің бес жылдық өмірінің ішінде бастан-аяқ біркелкі бағытта болмағандығы, оның беттерінде бүгінгі идеологиялық талап тұрғысынан қарағанда әрдайым прогрессивтік, демократтық сипаттағы материалдар жарияланған бермеген сәттері де болған. Дегенмен, әр нәрсені, әр құбылысты қазіргі өлшеммен емес, өз кезеңіндегі мән-маңызына қарап бағалау керек деген марксизм-ленинизм қағидаларына сүйенсек, «Қазақ» газетінің қазақ халқының мәдениет тарихында елеулі орын алғатындығы көрінеді. Оның үстіне, тілі мен стилі жағынан бұл газет — революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің ішінде ең бір жақсы үлгілерінің бірі, қазақ публицистикасы тілін қалыптастыруда және қазақ әдеби тілі нормаларын орнықтыруда «Қазақ» газетінің ролі айрықша. Бұл орайда редакторының саналы турде жүргізген жұмысы, зор еңбегі көзге түседі.

А. Байтұрсынов 1917 жылғы февраль революциясын, монархияны құлатып, халықтарға азаттық әкелді деп шын көңілмен қарсы алды. Осы азаттықты нығайту саясатымен царизм қол астында болған әр халықтың

¹ «Қазақ» газеті, 1913 жыл, 2 февраль.

өз ішінде бас косып, бірігу, ол үшін съездерін өткізу әрекеттері қолға алынды. Эрине, бұл әрекеттерді жүзеге асыру сол халықтың көзі ашық, озат интеллигенциясының майнында болды. Зерттеуші Б. Койшыбаевтың жазғандарына қарағанда, Торғай облысының осындай съезін үйімдастырып, оны 1917 жылдың апрелінде өткізу шартында бірі А. Байтұрсынов болды. Бұл съезд жергілікті өз мәселелерімен қатар, жалпы қазақ съезін шақыру керек деген мәселе койып, оны үйімдастыратын бюро сайлайды. Жалпы қазақ съезі бірнеше айдан соң 1917 жылдың 21—28 июлінде өтті. Онда да А. Байтұрсынов үйімдастырушылардың бірі болды. Қазақ ішінде саяси партия құру жөнінде тұңғыш рет мәселе осы съезде көтерілді. Петроградта өтетін мұсылмандар съезі — Құрылтай жиналышына осы партияның делегаттар сайлауы керектігі айтылды. «Қазақ» газеті осы максатты орындау үшін Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі ұлт комитеттерінің басын құрап, партия етіп, оған «Алаш» деп ат койып, делегаттар сайлау науқанына кірісу керектігін жазды.

Бұл газеттің 1917 жылғы 21 ноябріндегі нөмірінде жаңадан құрылған «Алаш» партиясының программасы жарияланды. Программаны жасап, қол қойған алты адамның бірі А. Байтұрсынов болды. 10 тармаққа бөлініп көрсетілген программада Россияның демократиялық-федеративтік республика болуға тиістігі, қазақ автономиясының құрылуы, дінді мемлекеттен бөлу, сот істерінің тәртібі, салық салу тәртібі, халыққа білім беру, жұмысшы заңдары, жер заңы т. т. мәселелер көзделді. 1917 жылдың 5—13 декабрінде өткен екінші жалпы қазақ съезінде 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін (үкіметін) құру туралы шешім қабылданды. Кеңестің қазақтан сайланған 15 мүшесінің ішінде, яғни «Алашорда» үкіметінің басшы құрамында А. Байтұрсынов болған жоқ. Ол окулықтар жазу жөніндегі Комиссияға сайланды¹. Міне, А. Байтұрсыновтың 1917 жылдың сонында «Қазақ» газеті редакторлығынан кетіп, 1919 жылдың марта ына дейін «Алашорда» үйімінде қызмет етуі осы еді.

«Алаш» — 1917 жылдың орта тұсында құрылып,

¹ Койшыбаев Бейбіт. Қезқарас эволюциясы, «Қазақ әдебиеті» газеті 1989 жыл, 27 январь.

1920 жылдың орта шенінде тараған үйім болатын. Үлт-
тық-ұсақбуржуазиялық идеологияны негізге алған бұл
партияның алғашқы кезеңдегі платформасы үлттық да-
му, үлттық тән праволылық үшін күрес болса, бұл идея
сол тәндікке оқу-білім арқылы, халықтың мәденистін
көтеру арқылы жетуге болады деп танып, осы майданда
ширек ғасырдай аянбай тер төгіп, еңбек етіп келе жатқан
А. Байтұрсыновты елеңдетпей тұра алмады. Демек, жал-
ғыз А. Байтұрсынов емес, сол кезеңдегі көзі ашық, са-
ниалы қазақ зиялышарының көпшілігінің «Алаш» партия-
сына топтасуының субъективтікпен қатар, объективтік
те мотивтері болғанын ескеру керек, яғни өнер-білімнен
кепже қалған қазақ қауымын окуға шақыру, сол жолда
қызмет ету — ағартушылық идеясы XX ғасырдың бас
кезеңінде қазақ қоғамындағы басты ағымдардың бірі
болғаны белгілі.

А. Байтұрсынов «Алашқа» қызмет ете жүріп, өзге
партиялардың да көздейтін мақсаттарына, ұстанған ба-
ғыттарына үціледі. Оны қазақ халқы үшін қай партия-
ның программасы қолайлы деген ой толғандырады.
«Алаш» партиясының Октябрь революциясынан кейінгі
ұстаған автономшыл-үлтшыл платформасы қазақ қоға-
мының әрі қарайғы дамуына қол емес екенін түсінеді.
Сондыктan ол 1919 жылдың март айынан бастап өз
калауымен Совет үкіметі жағына шығады да, бірден
жауапты мемлекеттік істерге араласады. Оның мұндай
шешімге келіп, Совет өкіметіне адал қызмет етіп кетуіне
Әліби Жангелдин де үлкен себепкер болған. Бұлардың
1918—1919 жылдары идеологиялық қарсыластар болып
келгені мәлім. Тіпті Ә. Жангелдин А. Байтұрсыновты
камау керек дегенге шейін барған. А. Байтұрсынов та
қарал қалмаған. Баспасөз бетінде Ә. Жангелдинге, оның
істері мен идеяларына карсы пікірлер білдірген. Сөйті
тұра, А. Байтұрсыновтың үлкен білімді, әрі қазақ жүр-
тына беделі зор адам екенін жақсы таныған Ә. Жангел-
дин оның совет жағына шығу инетін бірден қабылдайды,
тіпті Қазақ өлкесін басқаратын мемлекеттік органның
құрамына енгіздіреді. Ол былай еді.

1919 жылдың 24 июняңде РСФСР Халық Комиссар-
лар Советінің қаулысы шығады. Ол қаулы Қырғыз (Қа-
зак) өлкесін басқаратын Эскери-революциялық комитет
құру және оның председателі мен мүшелерін тағайын-
дау туралы болатын. Бұл Комитеттің председателі болып

С. С. Пестковский, мүшелері болып Сейіткали Менденшев, Бақытжан Қаратасев, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамедияр Тұнғаншин, В. Л. Лукашев, Әліби Жангелдин тағайындалады. Қаулыға В. И. Ленин кол қояды. Сөйтіп, А. Байтұрсынов Совет үкіметінің, мемлекет қайраткері ретіндегі қызметін В. И. Лениннің мандатымен бастайды. Комитеттің шаруасымен В. И. Лениннің алдында болып, жузбе-жұз сөйлеседі. Қазақ өлкесінің саяси және экономикалық жай-жапсарын баяндайды; ағартушылық жұмыстарындағы қынышылықтарды айтады. Владимир Ильич председатель С. С. Пестковский екеудін жақсы қабылдап, сөздерін тыңдайды, өлкені басқару жөнінде бірнеше нұсқалар жасау көректігін, оларды қазақ тіліне аударып және граммофон пластинкаларына жазып халық арасына тарату қажеттігін айтады¹.

А. Байтұрсыновтың мұндай іске араласуына және бір фактор үлкен себепкөр болды. Ол — «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің бұрынғы басшылары мен мүшелеріне Совет үкіметінің 1919 жылғы 4 апрельде жариялаған амнистиясы. Бұл амнистия В. И. Ленин өлгенше, одан кейін де екі-үш жылдай күшінде болып, қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдерінің совет мекемелері мен басшы органдарында адал қызмет етулеріне мүмкіндік берді. Тіпті А. Байтұрсынов сияқты қайраткелердің большевиктер партиясы қатарына кіруіне жол ашты.

А. Байтұрсынов осы амнистиядан дәл бір жыл кейін, 1920 жылғы 4 апрельде РКП-ның Орынбор Комитеттің атына Россия Коммунистік партиясы қатарына алуды өтінген арзы береді. Арзы несі осы партияға адал қызмет етемін деген қысқа қайрылатын өтінішті ғана айтып қоймайды, бес пункт егіп, коммунист партиясының сол тұстағы программасының қазақ халқын езгіден, әлеуметтік-экономикалық дамуда артта қалушылықтан, қараңғылықтан азат етудегі маңызын, ролін дәлелдейді, РКП программасы мен В. И. Лениннің үлт саясатының Россияны мекендеген шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мұddeлерін қорғайтындығын көрсетеді. Осы программаны жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсауға ииеттенгендігін айтып, мүшелікке қабылдауды сұрайды. Бұл — тек жеке адамның өмір жолы мен

¹ Қараныз: В. И. Ленин о Казахстане, Алма-Ата, 1982, стр. 313.

тағдырына қатысты әрекет емес, үлкен саяси мәні бар оқиға болды. А. Байтұрсыновтың бұл арызы толық тек сімен Қырғыз (Қазақ) Өлкелік Өскери-революциялық комитетінің органы — «Известия Киргизского края» атты апталық газетте (1920 жылдың 16 априліндегі салында) жарияланды. Арыздың толық тексті мынадай¹:

РКП(б) Орынбор комитетіне

Фасырлар бойы езгіде болып келген қырғыз халқыны азат етудің жолдарын көп уақыт іздеуден кейін мем мыйнадай тоқтамға келдім:

1. Азат етілген қырғыз халқы қаналған адамзаттың бүкіл басқа бөлігімен бірге гана, яғни дүниежүзілік революция, дүниежүзілік федерация арқасында гана бақытқа жете алады.

2. Таптар мен ұлттарды іс жүзінде толық азат етуге өзінің алдына тікелей мақсат етіп қойған және оны ішінара жүзеге асырған интернационалдық Коммунистік партиясынан басқа ешқандай партия мұны жасай алмайды.

3. Шынайы еңбек демократиясына өтер қажетті баспалдақ пролетариат пен жартылай пролетариаттың толық саяси және экономикалық билігі сипатындағы адамзаттың еңбекші қауымының диктатурасы болып табылады.

4. Бұл диктатура егер үйымдастан адамзаттың еңбекші қауымының басым көпшілігі оны қолдаған кезде гана бүкіл адамзаттың мүддесі үшін нығайып, іс жүзіне асырылмақ, сол үшін де қырғыз еңбекші халқын осы программа астына топтастыру қажет.

5. РКП-ның ұлттық қатынастары саласындағы программысы, сондай-ақ Ленин жолдастың ұлттардың өзін-өзі билеу жөніндегі пікірталастар корытындысы бойынша баяндалған ұлттардың өзін-өзі билеу жөніндегі көзқарасы және шығыс халықтары арасындағы жұмыстарға байланысты РКП Орталық Комитетінде айтылған тактикалық пайымдаулар дұрыс қолданылған кезде және дұрыс жүзеге асырылғанда қаналған ұлт ретінде қырғыз халқының мүдделерін қанағаттандыра алады.

Жоғарыда айтқандарыма байланысты, оның программысын жалпы іске асыруға және атап айтқанда

¹ Текст «Алматы акшамы» газетінің 1988 жылғы декабрьде жариялаған қазақша аудармасынан алынды.

шығыс мәселесі бойынша программының жүзеге асыруға көмектесу үшін Россия коммунистік большевиктер партиясына әтуге шешім қабылдады, ол үшін Комитеттің мені РКП мүшелерінің қатарына алуын өтінемін. Ахмет Байтұрсынов.

1920 жыл, 4 апрель.

Осы нөмірде «В. М.-т.» деп қол қойған адамның «Ахмет Байтұрсынов жолдастың арызы» атты көлемді мақаласы басылды. Мақалада бұл актінің зор саяси мәні бар екендігі, яғни идеологиялық оппозицияның ірі уәкілі болған адамның ұлттық либерализмнен халықаралық коммунизмге келуі — Коммунистік партияның үлкен табысы екендігі айтылған.

Бірақ А. Байтұрсынов партия қатарында үзак болмаған. Оның нақты себептерін ашып көрсететін документтер жоқ. Мұны А. Байтұрсыновтың 50 жасқа толған юбилейімен құттықташ жазған мақаласында Сәкен Сейфуллин былайша түсіндіреді: «А. Байтұрсынов коммунистерше жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтаған жоқ, коммунистерше жалпы байларға оқ атып, жалпы кедейлердің таяғын соққан жоқ... Қанша ұлты үшін Коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң өзі айтқандай, «қызыл» бола алмады». Бұл жерде А. Байтұрсыновтың казак қоғамын таптарға бөліп, езілуші таптың жоғын жоктаушы бола алмағандығы, яғни таптық сана-сезімінің төмөндігі себепкер болғандығы айтылып тұр. Сондыктан кейбіреулердің жаламен айтып келгеніндей, ол Коммунист партиясы мен Совет үкіметіне қастандық жасау үшін партияға алдақ кіріп, күшпен шығып қалған жоқ.

1920-жылдардың басында А. Байтұрсынов ағартушылық, ғалымдық қызметтерімен қоса, әрі қарай мемлекеттік басқару-үйімдастыру жұмыстарын атқара береді; 1922—1925 жылдары ол Қазақстан Халық Ағарту Комисариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның председателі; Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының күрметті председателі болды. Советтердің Бүкілrossиялық 7-съезі мен 8-съезінде дейін ВЦИК-тің мүшесі және Советтердің Бүкілқазақстандық I-съезінде дейін Кирвоенкомның мүшесі болып қызмет атқарды. Советтердің

Бүкілқазақстандық I-съезінен 2-съезіне дейінгі аралықта (1920—1921 ж.) Қазак АССР-інің Оқу-агарту комиссары және КазЦИК-тің мүшесі, сонымен қатар 1921—1922 жылдары Өлкелік Халық Комиссариаты жашындағы Академиялық Орталықтың председателі болды. А. Байтұрсынов 1920-жылдардың басынан бастап әр түрлі мемлекеттік басқару істеріне, әлеуметтік жұмыстарға араласа жүріп, оқытушылық-ұстаздық қызметін тоқтатып да. Ол 1921—1928 жылдары Орынбордагы Қазақтың халық агарту институты (КИНО — Казахский институт народного образования) деп аталатын оқу орнында, 1926—1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабак береді. 1928 жылдың сонында, сентябрінде, Алматыда мемлекеттік Қазақ университеті деп аталған оқу орны анылады. Сабак беруге оған Москва, Ташкент сияқты орталықтардан мамандар шақырылады. Солардың бірі болып Қазақстан Халық Агарту Комиссариатының шакыруымен Ташкенттегі А. Байтұрсынов келеді. Университет ректорының 1928 жылғы 15 октябрьдегі № 14 бүйрүғымен осы жылдың 1 октябрінен бастап Ахмет Байтұрсынов Қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмыска алынады. Бұл жоғары оқу орны 1928 жылдың сентябрінен 1930 жылдың 24 декабріне дейін Қазақ мемлекеттік университеті (ҚазГУ) деп аталып келіп, 1930 жылы 25 декабріндегі № 114 бүйрүғын «Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институты бойынша» деп жариялады. Бұл осы, күнгі Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ педагогика институты (КазПИ) еді.

КазПИ-де А. Байтұрсынов 1929 жылдың 1 июніне дейін істейді де, 1929 жылғы 2 июньде тұтқынға алынғандықтан қызметтен босату туралы ректордың бүйрүғы шығады.

20-жылдары Қазақстан Компартиясының бірінші секретары Ф. И. Голощекин 1919 жылғы ВЦИК-тің қаулысына және В. И. Лениннің «көшпелі халықтардың ма-лын тартып алып, кедейлерге беліп беруге асықпау ке-рек» деген ескертпесіне қарамастан, 1928 жылдың күзінде Қазақстанда мал-мұлік конфискациясын жүргізіп, әрі қарай астық дайындауды тездету үшін «Голощекин-нің қызыл керуені» деген науқанды іске асырғаны, сөйтіп, қазақ елін мейлінше тонап, ашаршылыққа ұшыр-

атқаны белгілі. А. Байтұрсынов казақ даласында жүргізіліп жатқан конфискацияны жүтпен бірдей дең ашық айтты. Сұлтанбек Кожанов: «Жетті (елді) күй-зелтулер!» деп тікелей наразылық білдірді. «Кіші Октябрь» деп атаған осы саясатының теріс болғанын сезген Голощекин өзіне қарсылық білдірген қазақ қайраткерлері мен интеллигенттеріне «ултышыл» деген кінә тағын, олардың көзін жоюды қолға алады. Эсірсө революцияға дейін қалыптасқан қазақ интеллигенттеріне шүйілін, ОГПУ олардың 30-ға жуығын қамауга алады. Солардың бірі — «рухани көсемі» А. Байтұрсынов 1929 жылдың 2 іюнінде ұсталып, өзі Архангельск облысына, ал жұбайы Александра мен қызы Шолпан Томск облысына жер аударылады. Осы арада айта кетерлік бір жай А. Байтұрсыновтың жұбайы Александра атты орыс әйсілі ешкімі жоқ пәтердеге журген жетім қыз болатын (тіні фамилиясы да белгісіз еді). Ахмет түрмеде жатқанда, тамақ тасып, кір-қоңын жуып оған қызмет көрсетеді. Ар-ұяты, адамгершілігі зор азамат мұндай қайырымдылықты, адапт көңілді аттап кетуді ар санап, түрмeden шыққан соң, сол жетім қызға үйленеді. Ол кезде өзге діндегі әйелмен мұсылманның некесін қиғызу қын іс болғандықтан, Александраға Бадрисафа деген мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп некеге отырады. Ахаңмен бірге көп қындық кешіп өткен Бадрисафа 1943 жылы қайтыс болған. Бұлардың өз балалары болмайды, Ахметтің туған інілери — Кали, Қәкіш, Мәкендердің екі ұл, екі қызын бауырларына салады. Олар: Қәтез, Аумат, Қазихан, Шолпан. Қәтез кезінде гимназия бітіріп, сауатты адам болған, ол 1940 жылдары қайтыс болады. Ахметтің баурында ескен екі баласын — Аумат пен Қазиханды әкелері ұсталған соң ауылдың үрда-жық әпербақандары зәбірлеп өлтірген. Қазірде көзі тірісі — қызы Шолпан Ахметқызы Байсалова-Байтұрсынова. Алматы қаласында тұрады. Ол кісі уш жасынан Ахаң мен Бадрисафандың колында өсken. 1929 жылы анасы Бадрисафамен бірге Томскіге айдалып, бала кезінен өмірдің абызы зарын татқан. Томскіде анасынан тағы айрылып, Бадрисафанды Батыс Сібір өлкесі Кривошеин ауданына жібереді де, Шолпан Томскіде жалғыз қалаады, кісі есігінде жүріп күн кешеді. 1933 жылы «халық жауларының» жетімдері елдеріне қайтарылғанда, ол Алматыға келіп, өз бетімен жұмыс істеп күн көреді.

Дүниежүзілік Қызыл Кресте М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пешкованың жолдаған өтінішімен А. Байтұрсынов 1934 жылы ссылқадан мерзімінен бұрын босатылып, әуелі Батыс Сібірдегі жұбайына барып, оны алып Алматыға, туған елінің астанасына қайтып оралады. Бірақ ешқандай дұрыс жұмысқа орналаса алмайды, жауапты немесе ғылыми жұмыс түгіл, жай бала оқытуға да араластырылмайды. Орыстарға (мекемелердегі) қазақ тілін үйрету сияқтылармен айналысып (онда да тиіп-кашып, рұқсат етілгенде ғана) күн көріс қамында болады. Айдаудан денсаулығы кеміп, жүдеп қайтады, тұрмыс таршылығын көреді, жұбайы ауруға шалдығады. Көп үзамай 1936—1937 жылдардың зобаланы басталып, НКВД органдары А. Байтұрсыновты 1937 жылдың 8 октябрінде екінші рет ұстайды. Дәл екі айдан кейін 8 декабрьде түрмеде атылады¹.

Міне, Ахмет Байтұрсынов кешкен өмір өткелдері, таржол, тайфақтары осындай.

A. БАЙТҰРСЫНОВ — АҒАРТУШЫ

Ахмет Байтұрсынов демократтық-ағартушылық қызметті өзінің азаматтық борышы және ұстаған жолының негізі деп санаған. Ол білім-ғылымнан кенже қалған, малын бағып, марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан, сол марғаулықтан маса болып ызындалған оятып, алып шығуды өмірінің мақсаты етіл қояды. Бұл мақсатын әсіресе өлеңдерінде ашық білдіреді. Бірде:

Баяғы қалпы,
Баяғы салты
Бұ нектен жұрт үйқышыл?
Болсын кедей, болсын бай
Жатыр бейқам жым-жырт жай —

деп күніренсе, тағы бір тұста:

Емшегін еміп,
Анаға сеніп
Бала үйқтайды жастықпен.
Қымызға қанып,
Қызырып жанып,
Бай үйқтайды мастықпен.
Шалап ішкен кедей мас,
Мына жүрттың түрі оңбас!

¹ Қараңыз: Өлім туралы куәлік, II-ИА, № 267133.

деп, бала мен байдың үйкесі жастық пен мастықтан болсын, ал кедей жұрттына не жоқ, шалапқа мас болып үйкетау деген — қайнаған қалың сор дегенді айтады. Сондықтан:

Жөн көрсөттім казақ деген намыска,
Жол сілтедім жақын емес, алыска.
Өзге жүрттар өрге қадам басқанда,
Дедім сен де қатарыңдан қалыспа! —

деп, қазақ халқын оқу-білімге шақырған өз ісінің дәле-лін, себебін ашып көрсетеді. Ал публицистикалық мақалаларында бұл ойын бұдан өткірек тілмен батыра айтады: «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз — бәрі надандық кесапаты».

Қазақ балаларының сауатын ашатын «Оқу құралы» деп атаған әліппе кітабының эпиграфы етіп, мына сөздерін ұсынады:

Балалар, бұ жол басы даналыққа,
Келіңдер түсіп байқап қаралық та!
Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер ізден тауып алалық та!

Бұл жерде автордың «даналық» деп отырғаны — сауаттылық, білім-ғылымды игеру, ал «бұ жол» деп отырғаны — оқу.

А. Байтұрсыновтың қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп, окулықтар жасауды да, тер төгіп, бай терминология жасауды да, тілті қоғамдық-әкімшілік істеріне араласуды да алып келген — негізінен өзі діттеген ағартушылық идеясы.

А. Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек окуға шақырумен тынбайды, ол сонымен қатар қазак даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы сөз етеді. Әсіресе бұл реттегі Октябрь революциясына дейінгі хал-жағдайды жақсы көрсетеді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 21 апрайль күнгі нөмірінде «Оқу жайы» деген бас мақала жарияланды. Мұны жазған — А. Байтұрсынов. Бұл арада бір ескере кететін жай «Қазақ» газетінің бас ма-

каласының көбін А. Байтұрсынов жазып отырған, оларға, әрине, кол қойылмаған, тек өзгелермен бірігіп жазған кейбіреулеріне ғана авторлардың инициалдары немесе бүркеншік аттары қойылған. Бұл макалада окубілімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді: «Қазақ жерінде өндіріс жок, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алды. Бұл—надандықта келген кемшілік» дейді. «Надандық» деп отырғаны, әрине, қазақ халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Бұл қалыс қалуға үлкен себеп — қазақ жерінде мектептер аз дейді. Мысалы, Торғай уезінде 1912 жылдың 1 январында 570.109 қазақ тұрған болса, қазақ балалары оқытын мектептің саны 182; Қостанай уезінде 1909 жылы 112.657 қазактан қазаша оқыған еркектер саны 6065, әйелдер саны 379, орынша оқып хат танығандар еркектен 690, әйелден 29 (барлығы 7163) деп санак мәліметтерін көлтіріп, тұрғындар санына шакқанда, мектептер санының аз екендігін жазады. Оның үстіне сол мектептерде бала оқытатын мамандардың да өте тапшы екендігін ашып айтады. Оның тапшы болу себебінің бірі — оқытушылар дарлайтын оку орындарына, мысалы, Орынбордағы «Учительская школа»-ға қазына есебінен 7—8 орын ғана берілетіндігін, оның жартысы қазақ балаларына, жартысы орыс балаларына бөлінетіндігін айтып келіп, окуға түскің келген калған балалар өз каражатымен окуға тиіс болатындығын жазады. Каражаты бар аукатты қазактар баласын ақша жұмсал оқытуға ынталы еместіктен, кедейлердің шамасы келмегендіктен, сол школаға жылына окуға түсуге 50—60 бала келсе, солардың тек төртеу-бесеуі ғана түсетіндігін баяндайды¹.

Қазақ халқы қаранғы дегенде, кінә халықта емес, сол қаранғылықтан күтқаратын мүмкіндіктердің жоктығында екендігін «алты миллион казаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?» деп образзы тілмен білдіреді.

Балаларға білім берудің бірінші басқышы — бастауыш мектеп. Сондыктан А. Байтұрсынов осы білім көзінің алғашкы сатысына қатты назар аударады. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 майдағы нөмірінде «Бастауыш

¹ Қараңыз: «Қазақ» газеті, 1913 жыл, 15 август.

мектел» атты көлемді мақаласын жариялады. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мәз емес екендігін, оларда программа, оку құралдары, тіпті оку тәртібі (мектеп режимі) дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Қазақ жерінде ашылған бастауыш орыс мектептеріндегі (аулнай, волосной, екі классты школдардағы) оқыту ісі біршама ілгері болғанмен, оны бітіруші қазақ балалары әрі қарай оқи алмайтындықтан, бұл мектептердің де пайдасы аз екендігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік ниеттен (саясаттан) алыс болуға керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашқаны азбал, атап айтқаңда, бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Оның үстіне ел сирек отырган жерлерде балалар жатып оқитын интернаттар болсын дегенді де ұсынады. Бұл бастауыш мектептерде оку, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жаграфия, шаруақасіп, жаратылыс (тану) пәндері жүргізілсін деп нақты көрсетеді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 августегі тағы бір нөмірінде жарияланған «Земство» деп аталатын бас мақаласы біздер үшін оте күнды тағы бір мәлімет береді: «Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жұз адамнан 20 адам-ақ хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жұз кісіден 5 кісі-ақ хат біледі». Бұл — күні бүгінге дейін қазақ халқының революциядан бұрын 2%-ті сауатты болған деп келгенімізді жоққа шығарады. Жоғарыда келтірілген Қостанай уезіндегі цифrlарға қарасақ, 1909 жылдың өзінде сауатты қазақтардың проценті 8-ден асып түседі, ал А. Байтұрсынов шамамен 5% деп келтіріп отыр.

Оқу-ағарту мәселесін А. Байтұрсынов жан-жақты сөз етеді. Бірде «қазақта балаларды оқытатын жосықтар (программалар) мен кітаптар (окулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогикалық білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы — кітап» деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне ат салысуға болатындығын айтады.

А. Байтұрсынов ағартушылық жолындағы қызметін Алашорда үкіметіне жұмыс істеген кезінде де, Октябрь революциясынан кейін де ешбір тоқтатпаган. Жоғарыда айтылды. Алашорда кеңесінің (үкіметінің) оқу-ағарту жайындағы комиссиясының председателі болып қызмет еткенде, ең алдымен қазақ халқының жаңай сауатын ашуудың, білім берудің программасын жасайды. Ал 1919 жылдан кейін, совет үкіметі тұсында, өсіре-се алғашқы кезеңде қазақ даласында оқу-ағарту ісінің экономикалық жағынан әлде де қынышылық кешіп отырганын, ол үшін не істеу керек екендігін жазған пікірлерін «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» сияқты баспасөз беттерінен оқып-блуге болады. Мысалы, 1923 жылы жариялаған «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?» деген мақаласында: «Школдар ашуға үкіметтің шамасынан келмейтіндігі анықталып отыр, үкімет 2116 кісінің ғана расходын көтермекші, ал балаларды тегіс оқытуға 20.000 наң артық кісі керек. Соңдықтан бір ауылнай не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жишилған салықты оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жарагына (жұмсауға) міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдерімен договор жасап, школ ашу керек. Ол школдардың жаңында интернаттар ашу керек»¹ деп жазды.

Міне, бұл айтылғандардың барлығы — А. Байтұрсыновтың ағартушылық жайындағы ой-пікірлері, көзқарасы, тілек-талаптарын танытады. Откен ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәні зор үлкен проблема болса, оны іс жүзінде қолға алған түңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Одан кейінгі осы салада нақты іс істеген екінші ағартушы А. Байтұрсынов болды.

А. Байтұрсынов бұл ретте тек халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші ғана емес, қазақ арасында мектеп ісін (жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш салған, бала оқытып, үстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына

¹ «Қызыл Қазақстан» журналы, № 14, 1923 жылғы февраль.

лайық графика түзу, жазу тәртібі — емлені жасау, қазаша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін таңып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Мінс, осы орайда А. Байтұрсынов қазақ мәденисті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінді.

A. БАЙТҰРСЫНОВ — ТІЛ МЕН ЭДЕБИЕТТІ “ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ”

Жоғарыда айтқанымыздай, А. Байтұрсынов мұғалімдер даярлайтын оқу орнын («школасын») бітірісімен, 1895 жылдан бастап 13—14 жыл бойы бала оқытумен шүғылданады. 1895—1909 жылдар арасында ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5—6 жылдық екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайларды қарастырады. Ең алдымен қазақ балаларының сауатын қазаша ашатын ұлттық жазу таңбалары (графикасы) бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай графикасы мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппе» кітабы мен оқулықтары бар ма — міне, осыларға назар аударады. Эрине, осылардың бірде-біреуінің жоқ екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше, жүзеге асырмайынша, қазақ даласындағы оқу-ағарту ісін дұрыс жүргізу мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді. Енді ол «барымен базар болып» күнделікті бала оқытумен қатар, жоғарыда айтылған «жоктарды түгендеуге» кіріседі. Атап айтқанда, А. Байтұрсынов 1910 жылдардан бастап қазақ графикасымен (жазуымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сиякты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақтың ұлттық жазуына икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық (дыбыстық) жүйесін зерттеуге кіріседі. 1929 жылы 12 майда өз қолымен жазған өмірбаянында: «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шүғылдандым» дейді. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен, қазақ